

**Тарих сабағында дереккөздерді талдау
арқылы 10 сынып оқушыларының
академиялық тілде жазылым дағдысын
дамыту жолдары қандай?**

*Маханов Г.Б.
Қызылорда қ.
Назарбаев зияткерлік
мектебі*

Проблеманың шығуы

Қазақстан тарихы пәнінен сыртқы жиынтық бағалау бойынша оқушылар жауаптары үлгілерінің жинағы, Астана, 2018:

- Әрбір тақырып бойынша оқушыларды тиісті дәйектер (аргументтер) келтіріп, деректермен негіздеп, аспектілер (*экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени, технологиялық, құқықтық*) бойынша факторларды талдауға баулу;
- әртекті дереккөздерге сілтеме жасап, сыни тұрғыда тиімді пайдалану жолдарын жетілдіру;
- тапсырмада қолданылатын сипаттау, түсіндіру, баға беру, талдау, анықтау, негіздеу, мысалдар келтіру, болжау сияқты етістіктердің қолданылу маңызын білу.

Әдебиетке шолу

«Тарих сабақтарында оқушылардың эффективті аргументтер жазуы үшін мәліметтерге және әртүрлі көзқарастарға баға беруі маңызды. Сонымен қатар қажетті дәлелдемелерді таңдай отыра, тарихи мәліметтердің шынайылығын айқындауы қажет»

Коффин, Монте-Сано; Монте-Сано & Будано.

Coffin, C., (2006). *Historical Discourse. The language of time, Cause and Evaluation.*

Әдебиетке шолу

«Оқушылардың жазылым дағдысын дамыту үшін сабақ барысында пікірталастар немесе көзқарастарды дәлелдеу, оқушылардың бір-бірімен ауызша қарым-қатынастарын көбейту қажет. Сыныптастары арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастардағы белсенді оқушылардың оқылым және жазылым дағдылары жақсы болады».

Монте-Сано

Coffin, C., (2006). *Historical Discourse. The language of time, Cause and Evaluation.*

Әдебиетке шолу

«Дереккөздерді анализдеу үшін оқушыларға анализ парақшасын ұсыну қажет. Дереккөздерге байланысты сұрақтарға жауап жазу арқылы оқушылар аргументативті жауап беруге дағдыланады. Эссе барысында аргументтерді қолдану жоспарын жасауға көмектеседі».

Cowgill, D. (2015). *Primary Sources in the Social Studies Classroom: Historical Inquiry with Book Backdrops*.

Әдебиетке шолу

«Оқушылар белгілі бір оқиғаны анализдеу барысында қай кезде сипаттамалы түрде, қай кезде аналитикалық, қай кезде аргументативты жазылым қолдану керек екендігін түсіну қажет».

Pessoa, S., Mitchell, T., Miller, R.T. (2018). *Scaffolding the argument genre in a multilingual university history classroom: Tracking the writing development of novice and experience writers.*

Зерттеу сұрақтары

- Академиялық тілде жазу барысында оқушылар қандай қиыншылықтармен кездеседі?
- 10 сынып оқушыларының талдау және анализ жасау дағдыларын дамыту қандай методикалар арқылы жүзеге асыруға болады?

Зерттеу әдістері

- Сауалнама (surveymonkey.com)
- Интервью (бетпе-бет)
- Оқушы жұмыстарын анализдеу (емтихан жұмыстары, ТЖБ)
- Бақылау (сабақ барысында)
- Тәжірибе жүргізу

Creswell, J.E. (2012). *Educational Research: Planning, Conducting and Evaluating Quantitative and Qualitative Research*. Pearson Education Limited.

Cohen, L., Manion, L., Morrison, K. (2007). *Research methods in education*. Sixth Edition

Сауалнамадан анықталғаны:

- Оқушылардың көбісі академиялық тілмен таныс және оған нақты түсініктеме бере алады.
- Тарих сабағында, жазбаша жұмыстар барысында академиялық тілде жазу және терминологияны пайдалануда қиыншылдықтар кездеседі.
- Пәнге қатысты академиялық білімнің жетіспеушілігі.
- Аргументативті жауап жазу барысында қиыншылдықтар орын алатындығы.
- Терминологияны пайдалануды ұмытып кету.
- Тапсырма ұсынылған кезде терминологияны қолдану қажеттілігі жазылмауы.

Іс-әрекеттер

- «Көпіршелер» әдісі (Scaffolding) арқылы жазба жұмыстары барысында қажетті етістіктер мен терминология ұсыну.
- Дереккөздерді бағалау CRAAP әдісі арқылы дағдыландыру.
- Оқушы жазба жұмысына сұрақ түрінде кері байланыс беру. Алғашқыда мұғалім тарапынан, кейін оқушылар бір-біріне кері байланыс береді.

Іс-әрекеттер

(b) Берілген дереккөздер мен өз біліміңді қолдана отырып, ҚР Конституциясының 2 рет қабылдануының маңыздылығын сипаттап түсіндіріңіз

Алғаш рет Қазақстан Республикасының Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданды. Ол кіріспеден, 4 бөлімі, 2 тарау және 121 баптан тұрды. Оның негізі Ақ екіші рет 1995 жылы 20 тамызда қабылданды. *→ не себепті екінші конституция қабылданды?*

1) Егер 1- конституция негізіне парламенттік республика моделі алынса, 2-кәсіп негізіне президенттік басқару жүйесі алынды.

2) 2 рет қабылданып отырғанда, Президент саяси жүйенің жүйесінің басты тұрғысы екендігі айқын көрсетілді. С дереккөзінде айтқандай, 1-іншісінде Президенттің өкілдері мен құқықтары жетік емес.

3) Жаңа конституцияға алғаш рет адамның құқықтарына қатысты емес, адам дүниеге келген сәттен бастап аяқталған құқықтарына қатысты нормалар енді.

қаб-ы?

Бұл өзгеріс қазіргі қалай әсер етті?

Бұл негізге неге өзгеріс енгізілді?

Іс-әрекеттер


- CLIL әдістемесі арқылы оқушыларға етістіктер Блум таксономиясына сәйкес ұсынылған болатын.

Білу мен түсіну	Қолдану	Талдау	Бағалау
Атап шығу, Орналастыру Сәйкестіру, Есте сақтау, Атау, Елемеу, Дәйексөз келтіру, Еске түсіру, Дауыстап оқу	Кестеге еңгізу, Жинау, Орындау, Есептеу, Құрастыру, Көрсету, Анықтау, Дамыту	Саралау барысында..., Категорияларға бөлген кезде..., Топтастыратын болсақ..., Салыстыру кезінде..., Тұжырымдау барысында...	Баға берілді..., Қате пікір болды, Дәрежелерге бөлінді, Тұжырымдама жасалды, Негіздесек...,

Интервьюден анықталғаны

- «Тарих сабағында жазылым тапсырмаларын орындау кезінде қосымша берілетін терминология мен етістіктер нақты жауап беруге көмектеседі. Уақытты үнемдеп, академиялық тілде жазуым дамыды».
- «Мұндай форматтағы тапсырмаларды орындау бізге емтиханда құрылымды жазуға мүмкіндік береді»
- «Жазбаша тапсырмалардың көптігі сабақ барысын зеріктіреді»
- «Алғашқы кезде дереккөздің шынайылығы мен құндылығына баға беру түсініксіз болды. Жай ғана «құнды, себебі сілтеме берілген»-деп жауап беретінмін». CRAAP-ты үйренгеннен кейін дереккөздерді бағалау оңайлады.
- «CRAAP әдісін қолдану арқылы дереккөздерді бағалау құрылымданды және уақытты үнемдейді».

Оқу жетістіктері



Пайдаланған әдебиеттер

- Creswell, J.E. (2012). *Educational Research: Planning, Conducting and Evaluating Quantitative and Qualitative Research*. Pearson Education Limited.
- Coffin, C., (2006). *Historical Discourse. The language of time, Cause and Evaluation*.
- Cohen, L., Manion, L., Morrison, K. (2007). *Research methods in education*. Sixth Edition
- Cowgill, D. (2015). *Primary Sources in the Social Studies Classroom: Historical Inquiry with Book Backdrops*.
- Cowgill, D., Waring, S. (2017). *Historical Thinking: An Evaluation of Student and Teacher Ability to Analyze Sources*. Journal of Social Studies Education Research. (p.115-145).
- De La Paz, S., Felton, M. (2010). *Reading and writing from multiple source documents in history: Effects of strategy instruction with low to average high school writers*.
- Folk, M., Apostel, S. (2013). *Online Credibility and Digital Ethos: Evaluating Computer-Mediated Communication*.
- Gay, L. R., Mills, G. E., & Airasian, P. (2005). *Educational research: Competencies for analysis and application (8th ed.)*.

Пайдаланған әдебиеттер

- Martell, C. (2011). *A Longitudinal Study of Learning to Teach History as Interpretation*.
- Pessoa, S., Gomez-Laich, M., Liginlal, D., Mitchell, T. (2019). *Scaffolding case analysis writing: a collaboration between information systems and writing faculty*. Journal of Information Systems in Education.
- Pessoa, S., Mitchell, T., Miller, R.T. (2018). *Scaffolding the argument genre in a multilingual university history classroom: Tracking the writing development of novice and experience writers*. English for specific purposes.
- Satu Elo, Maria Kääriäinen, Outi Kanste, Tarja Pölkki, Kati Utriainen, Helvi Kyngäs (2014) *Qualitative Content Analysis: A Focus on Trustworthiness*. Retrieved from: journals.sagepub.com/doi/full/10.1177/2158244014522633
- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme, *Қазақстан тарихының 6-10 сыныптарына (негізгі мектеп) арналған бағдарлама*. (Астана, 2018)
- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. ПШО. (2012) *Мұғалімге арналған нұсқаулық*.
- *Қазақстан тарихы пәнінен сыртқы жиынтық бағалау бойынша оқушылар жауаптары үлгілерінің жинағы*. Астана, (2008).